

Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 мамыр N 654. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

ЕСКЕРТУ. Қаулының мәтініне өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, сыртқы экономикалық салада мемлекеттік мүдделерді қорғау, экспортталатын тауарлардың санына, сапасына және бағасына бақылауды ұйымдастыру, валюталық түсімнің республикаға түспеуінің алдын алу мақсатында және республиканың Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне әзірленуге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылдың 15 тамызынан бастап жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы енгізілсін.

Жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге инспекция, тәуелсіз инспекция жүргізуге жіберілген органдардың қалауы бойынша ішінара жүргізеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.

(2 - т а р м а қ)

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ алынып тасталды, 1-8 тармақтар 1-7 тармақтар болып саналсын - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.

2. Экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөнінде 1-қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының Ведомствоаралық комиссиясы құрылсын.<*>

3. Мыналар бекітілсін:

Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы Ереже (2 - қ о с ы м ш а) ; < * >

Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын жүзеге асырудың тәртібі туралы Ереже (3-қосымша);<*>

ішінара тәуелсіз инспекция жүргізілетін Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарлардың тізбесі (4-қосымша);<*>

экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын жүзеге асыру

құқығына арналған тендер жүргізу тәртібі (5-қосымша).<*>

4. Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы:<*>

Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын жүргізу құқығына арналған тендер ұйымдастырылсын;<*>

тендерді ұйымдастыру шарттарына сәйкес 1996 жылдың 30 шілдесіне дейінгі мерзімде қазақстандық және шетелдік үміткерлерді іріктеудің қажетті процедураларын жүргізісін және жеңімпаздарды айқындасын;

Үкіметке тендердің нәтижелері және экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру үшін қажетті шығындар туралы ақпарат берсін; < * >

тендердің нәтижелері бойынша ол өткізілгеннен кейінгі бес күннің ішінде жеңімпаздарға 1 жыл мерзімге жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын жүргізу құқығына арналған куәлік берсін.<*><*>
< * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа (бұрынғы 5-тармақ) өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.05. N 1492 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті осы қаулы жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде сыртқы экономикалық қызмет субъектілеріне 1996 жылдың 15 тамызынан бастап жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекциясының жүйесінің енгізілгені туралы хабарласын.<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.

6. Контрактілік баға мен жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекция жүргізудің нәтижесінде айқындалған бағасының арасында айырма анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының салық органдары кеден органдарының ұсынысы бойынша салық салу мақсатында салық төлеушілердің кірісін осы айырмаға түзетеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қоры есебінен экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын өткізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу үшін қаражат бөлсін;<*>

1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын өткізу жөніндегі

қызметтерге ақы төлеу үшін қосымша шығындар
қ а р а с т ы р с ы н .

*ЕСКЕРТУ. 7-тармақтан (бұрынғы 8-тармақ) сөздер алынып тасталды -
ҚРҰ-нің 1996.12.05. N 1492 қаулысымен.*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1996 жылғы 28 мамырдағы

N 654 қаулысына

1-қосымша

**Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара
тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі
ведомствоаралық комиссиясының**

Құрамы

*ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаның атауына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N
895 қаулысымен.*

Дүйсенов Д.Т. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары, комиссияның төрағасы

Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика
министрі, комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрінің бірінші орынбасары

Иванов В.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Бас салық инспекциясы бастығының
орынбасары

Кирднов В.Д. - Қазақстан Республикасының Кеден комитеті
төрағасының орынбасары

Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің орынбасары

Рысбеков М.А. - Қазақстан Республикасы Стандарттау,
метрология және сертификаттау жөніндегі
комитетінің төрағасы

Құрманғалиев С.Ш. - Қазақстан Республикасының Баға және
монополияға қарсы саясат жөніндегі

мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші
орынбасары
Савелев А.И. - Қазақстан Республикасының Үкіметі
Аппаратының экономикалық саясат бөлімі
меңгерушісінің бірінші орынбасары
Шуховцов А.И. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрінің орынбасары

*ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.06. N 1497
қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 28 мамырдағы
N 654 қаулысына
2-қосымша

**Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара
тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі
ведомствоаралық комиссиясы туралы**

Ереже

*ЕСКЕРТУ. Ереженің атауы мен мәтініне өзгерістер енгізілді -
ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.*

1. Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз
инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі -
Комиссия) қазақстандық және шетелдік ұйымдарды экспортқа шығарылатын
тауарлардың жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясын жүргізуге рұқсат ету
саласын, сондай-ақ жалған ұйымдардың қызметін бақылауды үйлестіруші орган
б о л ы п т а б ы л а д ы . < * >

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдары мен
нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның негізгі міндеттері:
жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз
инспекциясын жүргізу құқығына арналған тендерге ұсынылған құжаттарды
қ а р а у ; < * >

қазақстандық және шетелдік ұйымдарды жүзеге асырылған экспорттық
контрактілерді ішінара тәуелсіз инспекциясын жүргізуге рұқсат ету туралы
ш е ш і м қ а б ы л д а у ; < * >

жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз
инспекциясын жүргізуге рұқсат етілген ұйымдардың қызметіне бақылау жасауды
жүзеге асыру, сондай-ақ осы ұйымдардың өкілеттігін тоқтату жөнінде шешімдер
қ а б ы л д а у ; < * >

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ішінара тәуелсіз инспекцияны жүргізуге рұқсат етілген ұйымдардың қызметіне талдау жасау негізінде республика аумағында жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар табыс ету;<*>

мүдделі министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің Қазақстан Республикасында жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы жүйесін енгізуге байланысты есеп берушілік пен ақпараттық қамтамасыз ету нысандарын өзгерту жөніндегі ұсыныстарын қарау;<*>

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ішінара тәуелсіз инспекция жүргізілетін экспортталатын тауарлардың тізбесін өзгерту жөнінде ұсыныс ұсыну болып табылады.<*>

4. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін комиссияның: министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, атқарушы өкіметтің басқа да органдарынан, сондай-ақ меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорындар мен ұйымдардан оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша материалдар мен ақпараттар сұрауға;

Комиссияның қарауына енгізілген мәселелерді пысықтау үшін қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен сарапшылар мен консультанттарды тартуға;

ішінара тәуелсіз инспекция жүйесін дамыту жөніндегі жұмыс тобын құруға құқығы бар. Жұмыс тобының құрамын, оның жетекшісін Комиссияның төрағасы немесе оның орынбасары бекітеді.<*>

5. Комиссияның мүшелері Комиссия мәжілістеріне орын алмастыру құқығынсыз қатысады.

6. Жұмыс құжаттарын дайындауды қоса алғандағы Комиссия қызметін техникалық-ұйымдық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі тарапынан жүзеге асырылады.

7. Комиссия төрағасы Комиссияның мәжілісін жүйелі түрде, бірақ тоқсанына кем дегенде бір рет өткізеді. Комиссияның мәжілісі егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса - құқықтық күші бар деп саналады.

8. Комиссияның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады және Комиссияның төрағасы қол қоятын хаттамамен, ал қажет кезде белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылатын Үкіметтің қаулысының және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің жобасы түрінде ресімделеді.

9. Комиссияның жұмыс тәртібі оның регламентімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1996 жылғы 28 мамырдағы
N 654 қаулысына
3-қосымша

**Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара
тәуелсіз инспекция жүргізу тәртібі туралы
Ереже**

*ЕСКЕРТУ. Ереженің атауы мен мәтініне өзгеріс енгізілді -
ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.*

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын жүргізудің тәртібін айқындайды.<*>

2. Ереже Қазақстан Республикасының заң және нормативтік актілерінің талаптары ескеріліп жасалады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тауарлар тізбесі бойынша шетелдермен сыртқы сауда қызметін жүзеге асырушы барлық экспорттаушылардың орындауы үшін міндетті.

3. Ережеде мынадай негізгі терминдер мен анықтаулар пайдаланылады:
экспорттаушы - атынан Қазақстан Республикасынан тауарларды экспорттауға арналған контракт (шарт, келісім) жасалған заңды және жеке тұлғалар;
импорттаушы - атынан Қазақстан Республикасынан тауарларды импорттауға арналған контракт (шарт, келісім) жасалған заңды және жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері және резиденттері еместер;
НБЕ - тәуелсіз инспекцияның нәтижелері бойынша есеп;

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақтағы 4,6-абзацтар алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1996.07.12. N 895 қаулысымен.*

4. Кеден органдары мәмілені кедендік ресімдегеннен кейін 3 күндік мерзімнің ішінде контрактілер мен және экспорттаушыдан қабылдаған басқа да құжаттарды ішінара тәуелсіз инспекция органдарына береді.<*>

*ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895
қаулысымен.*

(5 тармақ .) < * >

(6 - тармақ .) < * >

*ЕСКЕРТУ. 5,6 тармақтар алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.07.12.
N 895 қаулысымен.*

7. Ішінара тәуелсіз инспекция органдарының экспортталатын тауарларға арналған бағаларды импорттаушы-елдердегі сол секілді немесе дәл сол уақытта сатудың бәсекеге төтеп беретін және салыстырмалы шарттарымен импортқа ұсынылған соған ұқсас тауарларының бағасымен салыстыруы әдеттегі сауда практикасына сәйкес мыналарға негізделеді:

а) импорттаушы-елдердегі және бағаларды салыстыру үшін пайдаланылатын

елдегі немесе елдердегі іске қатысты экономикалық факторлар ескеріліп тек қана салыстыру үшін шын негізді қамтамасыз ететін бағалар қолданылуы қажет;<*>

б) ең төменгі бағаны тану мақсатында әртүрлі импорттаушы-елдерге экспорттау үшін ұсынылған тауарлардың бағасына негізделуге болмайды;

в) өзіндік шарттар, сондай-ақ сату арқылы контрактінің шарттары және мәмілеге қатысты әдетте қолданылатын нақтылау факторлары назарға алынуы қажет; бұл факторлар сауда операциясының және сату көлемінің сатысын, жеткізудің мерзімдері мен шарттарын, бағаны қайта қарау жөніндегі ескертулерді, сапа саласындағы өзгешеліктерді, дизайнның өзіндік ерекшеліктерін, тиеудің және ораудың ерекше шарттарын, тапсырыстың, қолма-қол сатудың мөлшерін, маусымдық әсерді, лицензиялық алымды немесе интеллектуалдық меншік пен егер қолданылып жүрген үрдіске сәйкес олар үшін жеке шоттар ұсынылмаса, контрактінің шеңберінде көрсетілген қызметтер үшін басқа да төлемдерді қамтуы (бірақ бұлармен шектелмеуі) қажет; олар сондай-ақ мысалы экспорттаушы мен импорттаушының арасындағы контрактілік қатынас сияқты экспорттаушының бағасына қатысты кейбір элементтерді де енгізуі керек ;

г) мынадай элементтер бағаларды тексеру мақсаты үшін қолданылмауы қажет :

импорттаушы-елдегі осы елде өндірілген тауарларға арналған сату бағасы;

ө н д і р і с т і ң қ а л д ы ғ ы :

еркін немесе жалған бағалар немесе құндар.

8. Ішінара тәуелсіз инспекция органдары экспорттаушылардан мыналарға тиісті ақпараттарды ұсынуды талап етпеуі қажет:

а) патент алу күтіліп отырған патенттелген, лицензияланған немесе жабық процестер өндірісі туралы деректерді;<*>

б) техникалық ережелерге немесе стандарттарға сәйкестігін анықтау үшін қажеттілерінен басқа жарияланбаған техникалық деректерді;

в) пайдалардың мөлшерлерін;

г) онсыз бұл инспекцияны жүзеге асыру мүмкін емес жағдайлардан басқа да экспорттаушылар мен олардың жеткізушілерінің арасындағы контрактілердің ш а р т т а р ы н .

9. Ішінара тәуелсіз инспекция органдары бақылау барысында алынған барлық мәліметтерді бұл мәліметтер бұған дейін жарияланбаған, үшінші тараптардың қолы жетпеген немесе қандайда бір жолдармен жария болмаған шамадан құпия іскерлік-ақпарат ретінде қарауы қажет.<*>

10. Ішінара тәуелсіз инспекция органдарына барлық талаптар қолданылып жүрген заңға сәйкес шешілуі мүмкін.<*>

11. Жалпы контракттік құны 3 мың АҚШ долларынан төмен тауарлар жөнелту алдындағы инспекцияға жатпайды.

II. Инспекцияны жүзеге асыру тетігі<*>

ЕСКЕРТУ. II-бөлімнің атауы өзгертілді - 1996.07.12.N 895 қаулысымен .

12. Мәмілені кедендік ресімдеген сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей кеден органдары осы қаулыға 4-қосымшада көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасынан әкету туралы жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара тәуелсіз инспекциясын хабардар етеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен .

(13 - т а р м а қ) < * >

14. Ішінара тәуелсіз инспекция органдары (немесе уәкілетті агент) 10 жұмыс күні ішінде экспортталатын тауарлардың санына, бағасының деңгейіне сәйкес ішінара тәуелсіз инспекцияны жүзеге асырады, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген тауарларды сипаттау және кодтандырудың үйлесімдендірілген жүйесіне сәйкес тауарлық кодты айқындайды.<*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ алынып тасталды, 14 тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен .

15. Ішінара тәуелсіз инспекция органдары (немесе уәкілетті агент) инспекциясының аяқталуы бойынша НБЕ республика кеден органдарына береді.
< * >

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ жаңа редакцияда - 1996.07.12. N 895 қаулысымен .

(16 - т а р м а қ) < * >

17. Экспортталатын тауарлардың контракттік бағалары НБЕ-де көрсетілген бағаларға сәйкес келмеген жағдайларда кеден органдары 2 күн мерзім ішінде сараптық мәміле және НБЕ жөніндегі материалдарды салық төлеушілердің осы айырмадан түсетін түсімін салық салу мақсатында түзету үшін салық органдарына жолдайды.<*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ алынып тасталды, 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен .

18. Ішінара сараптамалардың жалпы процедурасы өндірістік процестер мен өнім экспортына кедергі жасамауға тиіс.<*>

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ жаңа редакцияда, 5-18-тармақтар 5-14-тармақтар болып саналсын - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1996 жылғы 28 мамырдағы

№ 654 қаулысына

4-қосымша

**Ішінара тәуелсіз инспекция жүргізілетін
Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарлардың
Тізбесі<*>**

*ЕСКЕРТУ. Тізбенің тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің
1996.07.12. № 895 қаулысымен.*

Тауарлардың атауы	СЭҚ ТН коды
Қара және түсті металдар өндірісіне арналған шикізат	260300000, 260400000, 260600000-261000000<*>
Тыңайтқыштар	310100000-3105<*>
Мүйізді ірі қара малдың терісінен жасалған былғары	4104
Мүйізді ұсақ аша тұяқты малдың терісінен жасалған былғары	4105
Ферроқоспалар	7202
Қара металдар прокаты	7208-7217
Түсті металдар	7401-740500000,
7407 - 7408 ,	
	7501-7502, 750400000,
7601 ,	
	7603-7604, 7801,
780300000 ,	
	7804 ,
7901,7903-790500000 ,	
	8001, 800400000<*>
Ұн	110100<*>
Өңделмеген мұнай	1270900<*><*>
Табиғи газ	271111000<*>
	271121000<*>
Бидай (барлық түрі)	1001<*>күші жойылған
Арпа	1003<*>күші жойылған
Күріш	1006<*>күші жойылған
Мүйізді ірі қараның немесе жылқы	
тақылеттес жануарлардың терісі	4101<*>күші жойылған
Қойдың немесе қозының терісі	4102<*>күші жойылған

Биязы жүн (меринос, меринос емес, жуылған және жуылмаған), жартылай биязы, жартылай қылшықты, қылшық жүндер 5101<*>күші жойылған
Жануарлардың түктері (жіңішке, қатты) ангор
қоянының, түйенің, ангор ешкісінің 5102<*>күші жойылған
Талшықты-мақта 5201, 5203<*>күші
ж о й ы л ғ а н
Мақта қалдықтары (шиті) 5202<*>күші жойылған

ЕСКЕРТУ. Тізбе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1996.07.12. N 895, 1996.12.05. N 1492, Бұл толықтырулардың күші жойылған - ҚР Президентінің 1996.12.31. N 3309 жарлығымен, Қосымша өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.06.12. N 958 қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 8 м а м ы р д а ғ ы
N 6 5 4 қ а у л ы с ы н а
5-қосымша

**Жүзеге асырылған экспорттық контрактілерге ішінара
тәуелсіз инспекциясын жүзеге асыру құқығына
арналған тендерді өткізудің**

Тәртібі

ЕСКЕРТУ. Қосымшаның тақырыбы мен мәтініне өзгеріс енгізілді - 1996.07.12. N 895 қаулысымен.

1. Осы тәртіп экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын жүзеге асыру құқығына арналған тендерді өткізудің тәртібін регламенттеуші негізгі құжат болып табылады.<*>

2. Тендер - тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын жүзеге асырушы қазақстандық және шетелдік ұйымдардың мүмкіндіктерін бағалаудың конкурстық нысаны.

3. Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы қазақстандық және шетелдік ұйымдардың арасында тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан айқындалатын экспортталатын тауарлар бойынша жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекция жүргізу құқығына арналған тендер өткізеді.<*>

4. Тендерге қатысуға тендерге қатысушыларға ұсынылатын барлық талаптарға сәйкес келетін кез-келген меншік нысанындағы қазақстандық және шетелдік ұйымдар:

экспорттық қызметтегі тәжірибесі 1 жылдан кем болмаса;

экспортталатын тауарларға бағалық сараптама жүргізу үшін қазіргі заманғы ақпараттық және техникалық қамтамасыз етілсе;
< * >

Ескерту. 4-тармақтың 4 абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.07.12. N 895 қаулысымен.

5. Тендерге қатысушыларды тіркеу жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясында жүргізіледі және бұқаралық ақпарат құралдарында тендер өткізудің шарттары, орны және тәртібі жарияланған күннен бастап екі апта өткеннен кейін басталады.<*>

6. Тендерге қатысушы ретінде тіркеу үшін мынадай құжаттарды:
конкурсқа қатысуға өтініш;
көшірменің белгіленген тәртібімен куәландырылғандығы;
өзгертулер мен толықтырулар енгізілген құрылтайшылық құжаттардың (жарғының, құрылтай шартының және құрылтай жиналысы хаттамасының);
ұйымды мемлекеттің тіркеу туралы куәліктің;
ұйымның соңғы қаржы жылындағы қаржылық есебінің белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері;
мынадай мәліметтерді қамтитын анықтамалар:

а) ұйымның Қазақстан Республикасында және шетелде тауарларды сараптамалық бағалаумен шұғылданатын бөлімшелері (филиалдары), олардың экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясы жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға ұйымдық және техникалық әзірлігі туралы;<*>

б) қазіргі заманғы мәліметтерді өңдеу және беру жүйесін құруға мүмкіндік беретін тәжірибе мен ресурстардың бар екендігі, сондай-ақ мәліметтерді өңдеудің қолданылып жүрген және жасалынатын ведомстволық жүйесін пайдалану мүмкіндіктері туралы;

ұсынылатын қызметтердің сипаты, олардың құны, орындалу мерзімдері мен есеп айырысу шарттары, кепілдіктер мен есептіліктер туралы ұсыну қажет.

7. Тендердің нәтижелері бойынша ол өткізілген күннен кейінгі үш күннің ішінде жеңімпаздарға 3 жыл мерзімге экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын жүргізу құқығына арналған куәлік беріледі.

8. Өтініш берушінің тарапынан шарт жағдайлары бұзылған жағдайларда жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы куәлікті жою туралы дәлелді шешім қабылдай алады.<*>

9. Экспортталатын тауарлардың ішінара тәуелсіз инспекциясын жүргізу процесінде пайда болған даулар Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіпте қаралады және шешіледі.<*>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК